

**Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының орындалуы үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 02-02-18/179 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 298 Бірлескен Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 30 қыркүйекте № 7218 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 743 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 588 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2015 № 743 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.07.2015 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңының 11-бабының 20) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының орындалуы үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. «Туристік қызмет (туроператор, турагент) және ойын бизнесі саласындағы қауып-қатерлер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 16 ақпандағы № 01-01-07/26 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 70 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6117 болып тіркелген және «Қазақстанская правда» газетінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 97-98, «Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 147-149 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (Қ.Ғ.Кәкен):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрайымы Қ.Ғ.Кәкенге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрінің  
міндетін атқарушы*

\_\_\_\_\_ Ә. Пірметов

*Қазақстан Республикасының  
Экономикалық даму және сауда  
министрінің міндетін атқарушы*

\_\_\_\_\_ М. Құсайнов

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрінің  
міндетін атқарушының

2011 жылғы 13 қыркүйек

№ 02 - 02 - 18 / 179

Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрінің

міндетін атқарушының

2011 жылғы 16 қыркүйек

№ 298 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

## **Туристік қызмет туралы заңнаманың орындалуы үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері**

1. Осы Өлшемдер «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» және «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес туристік қызмет (туроператорлық, турагенттік қызмет) субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында тәуекел көрсеткіштерін айқындау үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар пайдаланылған:

1) бақылау субъектісі – туристік операторлар (туроператорлар), туристік

агенттер (турагенттер);

2) тәуекел - тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарының ауырлық дәрежесі ескерілетін зиян келтіру ықтималдығы.

3. Тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілері жоғары, орташа не болмашы тәуекел дәрежесі бар топтарға жатқызылады.

4. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері объективті және субъективті өлшемдерге бөлінеді:

1) объективті өлшемдер – бақылау субъектілерінің қызметін жүзеге асырған кезде болуы мүмкін тәуекелдің маңыздылығына негізделген;

2) субъективті өлшемдер туристік қызмет (туроператор, турагент) субъектілері жол берген белгіленген заңнама талаптарды бұзушылықтарға байланысты анықталады.

5. Тәуекел дәрежесі бойынша бақылау субъектілерін алғашқы реттік бөлу тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемдері негізінде жүзеге асырылады.

Туристік қызмет субъектілері объективті өлшемдер бойынша мынадай тәуекел дәрежелеріне бөлінеді:

- орташа тәуекел дәрежесі – туристік қызметті 5 жылдан аз жүзеге асыратын туроператорлардың қызметі;

- болмашы тәуекел дәрежесі – туристік қызметті 5 жылдан артық жүзеге асыратын туроператорлардың қызметі.

6. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына келесі бөлу тиісті балл берілетін субъективті өлшемдерді ескере отырып жүзеге асырылады:

туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болмауы – 3 балл;

туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристерге саяхаттың ерекшеліктері, саяхат жасаған кезде олар кездесуі мүмкін қауіп-қатерлер туралы туристік қызмет көрсету ережесінде көрсетілген мәліметтерді ұсынбауы, уақытында немесе толық ұсынбауы, не туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырмауы – 3 балл;

туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделі мемлекеттік органдарға және туристің жанұясына саяхат жасау барысында туристермен болған төтенше оқиғалар туралы ақпарат бермеуі немесе ақпаратты уақтылы ұсынбауы – 3 балл;

туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристік қызмет көрсетуге арналған жазбаша шартты жасаспай туристік қызмет көрсетуі – 2 балл;

туристік білімі бар қызметкердің, соның ішінде гидтердің (

гид-аудармашының), саяхат жетекшісінің, туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуге лицензиясы бар туризм нұсқаушыларының болмауы – 2 балл; меншікті немесе жалға алынған материалдық базасының және (немесе) туристік өнімге кіретін жекелеген қызметтерді ұсынатын тұлғалармен шарттардың болмауы – 2 балл; меншікті кеңсесінің немесе кеңсе үшін жалға алынған үй-жайының болмауы – 2 балл; туристерге қызмет көрсету бағдарламасының болмауы - 1 балл.

7. Алған баллдарының жалпы қосындысына байланысты: жоғары тәуекел дәрежесіне 6 және одан жоғары балл алған бақылау субъектілері жатқызылады; орташа тәуекел дәрежесіне - 4 балдан 6 балға дейін; болмашы тәуекел дәрежесіне - 4 балға дейін.

8. Тәуекел дәрежесі бір деңгейдегі бақылау субъектілерін тексерулерді басымдықты жоспарлау үшін ең көп балл жиыны негіз болып табылады.

9. Тексерулерді жоспарлау соңғы тексеру күнін ескере отырып жүргізіледі.